# #QAZAQSTAN

## Пайдасыз білім



**Күмәнді діни оқу орындары** ақиқат іздеген жастың сенімін пайдаланып, ойын бұзады. Ал шынайы білім – ақылға, дәлелге және таза ниетке сүйенеді. Сондықтан дін жолын үйренемін деген әр адам ең алдымен сенімді ұстазды таңдап, білімді жүрек көзімен қабылдауы керек.


ХИМИЯ


Ғалымжан, біз шетелге кетеміз. Сен діни мектепте оқитын боласың.
Не?! Мен жарысқа дайындалып жатырмын ғой!
Бұл шешімді әкең қабылдады. Сен енді жеке мектепте оқисың. Біз бір жыл діни білім алып, содан кейін елге қайтамыз.
Бірақ, менің ғалым болғым келген...




Бір жыл өткен соң.
Мен қайтадан ақша жинаймын, содан соң бұл кәпір мемлекеттен кетеміз
АЛМАТЫ


О, Ғалымжан, қалайсың? Көрмегелі көп болды ғой! Қайда жоғалып кеттің?
Қайда бара жатқаныңа дұрыстап қара, кәпір!


Не? Ғалымжан бауырым, не деп тұрсың?
Сен менің бауырым емессің, ағузубиллаһ, маған ахи емессің, мен саған дос бола алмаймын!
Қайда бара жатқаныңа қара, әйтпесе жазаңды аласың!


Ғалымжан аулада жүр ғой, бірақ ашулы сияқты ма?
Ол оғаш сөздер айтты.
Қандай сөздер?


Кәпір, ахи, ағузубиллаһ деген сөздер айтты.
Түсіндім,
енді одан алшақ жүр.




Ғылым – азғындық,
діни білім - маңыздырақ!


Менің арманым...
Қалай бұлай болды???


Ғалымжан! Қайда жоғалып кеттің?
Мектепте көрінбейсің.




Имам аға, ғылым – азғындық деген рас па?
Жоқ, балам. Ислам әрқашан білім алуға үндейді. Әл-Фараби мен Әбу Әли ибн Сина секілді ұлы мұсылман ғалымдары ғылымға зор үлес қосты.
Бірақ әкем дүние ғылымдары маңызды емес дейді.
Балам, құдай адамға тек құр сену үшін емес, әр нәрсені ой елегінен өткізу үшін ақыл мен жүрек берген. Осы екеуін тең ұстасаң, жолыңнан адаспайсың. Әкеңнің сөзін сыйла, себебі ол- тәрбиенің бастауы. Бірақ, әрбір сөзді саралап, ақылға салуды үйрен. Ақпаратты іздеу, салыстыру, түсініп қабылдау — сенімге қарсы емес, қайта ақылдың айнасы.


Әке, мен оқығым келеді. Мен өзімді жоғалтқым келмейді.
Ислам ғылымға тыйым салмайды. Мен қайтадан мектепке барғым келеді және Қаныш Сәтпаев сияқты ғалым болғым келеді.


О, Ғалымжан!
Бізге кел!
Бірге ойнайық!




















**БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ**

instagram

web-site

Алматы облысы Дін істері басқармасының тапсырысы аясында әзірленді